

Молочный сахар является наиболее стабильной частью, изменяясь лишь незначительно –пределах 4,25 – 4,48 %.

В хозяйстве средняя реализационная цена на 1 л молока составляет 150 тенге. Общая стоимость молока составила 281550 тенге при себестоимости 1 ц молока 11760 тенге, затраты на производство молока 220735 тенге и чистый доход от реализации всего молока составила 60815 тенге при уровне рентабельности 27,6 %.

Выводы

Таким образом, технология производства верблюжьего молока при пастбищном условии содержания дойных верблюдиц является экономически эффективной.

Литература

1. Попов В.М. Молочная продуктивность верблюдоводческих ферм Коневодство,1981,№10.
2. Плохинский Н. А. Руководство по биометрии для животноводства. М., 1969.

Смагулова А.Ж.

«АРВАНА» ТҮЙЕНІНІҢ СҮТТІЛІГІ ЖӘНЕ СҮТ ҚҰРАМЫ

Аңдатпа «Арвана» інгенінің сүт өнімі және оның құрамы. Бұл мақалада жайылым жағдайында өсірілетін «Арвана» інгенінің сүт өнімінің көрсеткіштері көрсетілген.

Кілт сөздер: сүт, шұбат, аруана, сүт құрамы, сауым.

Smagulova A.Zh.

DAIRY AND COMPOSITION CAMEL MILK "ARVANA"

Abstract High Milking capacity and milk consistency of the Aruna camel female. This paper presents a comparative study of material on milk productivity of camel of different genotypes under grazing.

Key words: milk, shubet, aruna, composition, milk-yield.

ӘОЖ 636.598:591.47

**Сұлтанұлы Ж., Жұмагелдиев А.Ә., Сәрсембаева Н.Б.,
Хизат С., Тоқтарова Г.К.**

Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент

ЛЕВОМИЦЕТИН ҚОЛДАНҒАН ҚҰС ЕТІ МЕН ІШКІ АҒЗАЛАРЫНЫҢ САПАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ ЖӘНЕ ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ-САНИТАРИЯЛЫҚ САРАПТАУ

Аңдатпа

Мақалада левомецетин қолданған құс еті мен ішкі-ағзаларының сапалық көрсеткіштері арқылы ветеринариялық санитариялық сараптау жүргізілгендігі көрсетілген. Левомецетин құрамы бойынша құстың төсінде, бауырында, қарында, шегілген етте жиі кездесетіні анықталды.

Кілт сөздер: левомецетин, құс, ветеринариялық-санитариялық сараптау көрсеткіштері.

Кіріспе

Сапалы және аса дәмді болағандықтан құс шаруашылығы өнімдері сұранысқа ие болып отыр [1, 2]. Ғалымдардың болжауынша, құс еті – бұлшық ет талшықтарының морфологиялық ерекшеліктері мен физикалық қасиеттері нәзік және шырынды. Басқа жануарлар етімен салыстырғанда құс етіндегі бұлшық ет талшықтары жіңішке және дәнекер ұлпалар аз келеді [3, 4].

Отандық және шетелден келетін құс шаруашылығы өнімдері қалдық антибиотиктер мөлшерінің ластану деңгейін зерттеу бүгінгі таңның өзекті мәселесі [5, 6].

Мамандар тамақ өнімдеріне антибиотиктердің болуын ауылшаруашылық жануарлары мен құстары үшін емдік, профилактикалық мақсатта кең көлемде қолданылуымен байланыстырады.

Ғылыми деректер бойынша ауылшаруашылық құстарына антибиотиктер бергенде, құс етіне әсері жөніндегі салыстырмалы ғылыми мәліметтері сирек кездеседі. Әсіресе, құс етіндегі антибиотиктердің адам ағзасына әсерін анықтау жөніндегі мағлұматтар жоқтың қасы.

Әсіресе, құс шаруашылығында левомецетин қолданғанда, әсерін анықтау маңызды.

Левомецетин пайдаланған тауық етінің химиялық құрамын тексеру ет және ет өнімдерінің сапасын, тағамдық құндылығын анықтауға мүмкіндік береді. Ал, еттің бұл қасиеттері құрамындағы ақзат, май, минералды заттар және ылғалдың ара-қатынасына байланысты. Сонымен қатар, ет өнімдерінің сапасы оны сақтау кезіндегі төзімділігіне де әсер етеді.

Зерттеу әдістері және материалдар

Антибиотиктерді сапалы анықтау. Ғылыми-зерттеу жұмыстары ҚазҰАУ ветеринариялық, санитариялық сараптау және гигиена кафедрасының «Қауіпсіздік, сапа, ветеринариялық санитариялық сараптау» оқу-зерттеу зертханасында жүргізілді. Пайдаланылған материалдар: алдын-алу және емдеу мақсатында антибиотик пайдаланылған құс бұлшықеттері және мүшелері.

Зерттеу нәтижелері мен талдау

Алматы қаласының әкімшілігі қаулысымен «Ұзақ мерзімге Алматы қаласындағы сауда қауіпсіздігін бекітудің негізгі бағыттарын» іске асыру үшін шикізаттардағы қалдық антибиотиктерді анықтау бойынша отандық және шетелден әкелінген жануарлар және құс еті өнімдеріне мониторингтік зерттеулер жүргізу аса маңызды.

Зерттелген уақыт аралығында қала зертханаларына зерттеуге түсетін жануарлар өнімдеріндегі антибиотиктер құрамының мөлшерден асуы әр түрлі жағдайларда бұлшық ет ұлпасы мен құс өнімдерінде кездесті.


Тексерілген сынамаларда антибиотик қалдықтарымен ластанған құс өнімдері шет елден әкелген сынамаларда табылды.

Құстардың бұлшық ет ұлпалары мен ішкі құрылыстарынан антибиотиктер тобындағы тетрациклин табылды. Жиі кездесетіндері стрептомицин тобындағы. Бұлшық ет ұлпаларынан және ішкі құрылыстардан аз мөлшерде левомецетин табылды. Пенициллин еш нұсқада табылмады.

Тауық жұмыртқаларынан және жұмыртқа ұнтағынан тетрациклин және стрептомицин кездесті, басқа антибиотиктер табылмады.

Жануарлар өнімдерінің нұсқаларын зерттеу нәтижелерінің анализінен, 74,5 % жағдайда тетрациклиндік қатардағы антибиотиктер нұсқаларынан табылды.

Тауық еттерінің өнімдерінде жиі левомецетин тауық төсінде - 11%, бауырда - 16%, қарында - 45%, шегіген етте - 28% табылды. Антибиотиктерді нашар сақтайтын бұлшық ет ұлпаларымен салыстырғанда, антибиотик шегіген етте екі есе жиі түрде табылса, үш есе көп қарында табылды.



1-диаграмма. Құс ет өнімдеріндегі левомецетиннің мөлшері.

60 дана тауық жұмыртқасын зерттеу кезінде тетрациклин 17 данасынан табылды (28,3%), стрептомицин 2 данасы (3,3%), левомецетин 1 данасы (1,6 %). Барлығы 33,3 % жағдайда тауық жұмыртқалары антибиотиктерден тұрды, алайда жұмыртқа беретін тауықтарға ешқандай антибиотиктер берілмеуі тиіс.

Левомецетиннің үлкен салмағы болуы, құстарды өсіру үшін, тыйым салынған нұсқауларға қарамастан беруін жалғастырумен байланыстыруға болады.

Термикалық өңдеу нәтижесінде мал мен құстардың бұлшық ет ұлпаларында едәуір антибиотиктер құрамы қысқарады. Негізінен бұлшық ет талшықтарынан дәрілік препарат бұлшық ет сусынымен сорпаға өтеді, препараттың қалған бөлігі жоғары температура әсерінен бұзылады.

Мал мен құстардың бұлшық ет ұлпасынды қайнатудан кейін негізгі антибиотиктер көлемінің оннан бір бөлігі ғана қалады. Сорпаға 70 % антибиотиктер өтеді. Сәйкесінше, антибиотиктердің 20 % қайнату нәтижесінде бұзылады, не болмаса, микробиологиялық әдіспен анықталмайтын (1-кесте) метаболиттерге өтеді.

1 кесте - Құстардың бұлшық ет ұлпаларында антибиотиктердің өңдеуге және өңдеуден кейінгі құрамы

Жануар түрі	Антибиотик	Шикі бұлшық ет ұлпасындағы құрамы (100%)(M±m)	Өңдеуден кейінгі бұлшық ет ұлпасының құрамы (M±m)		Сорпаның құрамы (M±m)		Бұзылғаны (M±m)
		мг/кг	мг/кг	%	мг/кг	%	%
	Левомецетин, n=10	0,6±0,02	0,05±0,01	11,6±1,9	0,35±0,03	69,1±1,5	19,4±2,0

Жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмысында барлық сойылған өнімдердің ішінде ең көп мөлшерде левомецетин кездесті атап айтқанда, құстың төс етінде тауық төсінде - 11%, бауырда - 16%, қауырда - 45%, шегіген етте - 28% болды. Алынған зерттеу нәтижелерінен байқағанымыздай термикалық өңдеу нәтижесінде құстардың бұлшық ет ұлпаларында едәуір антибиотиктер құрамы азайды.

Қорытынды

Қорыта келгенде, левомецетин құрамы бойынша құстың төс етінде, бауырында, қауырда, шегіген ет ұлпасында ең жиі кездесті және анықталды. Зерттеу нәтижелерінен

байқағанымыздай термикалық өңдеу нәтижесінде құстардың бұлшық ет ұлпаларында антибиотиктер құрамы төмен деңгейде болды.

Әдебиеттер

1. Қырықбайұлы С., Телеуғали Т.М., Майқанов Б., Сахариянов А.Ж., Жұмагелдиев А.А., Садуов М.С., Есімова Б.Д., Ерғұмарова М.О. //Ветеринариялық санитариялық сараптау практикумы- Алматы- 2013- 102-109 б.
2. Қырықбайұлы С., Телеуғали Т.М. Ветеринариялық санитариялық сараптау практикумы. – Алматы: Агроуниверситет, 2007. - 36 б.
3. Антипова Л.В., Глотова И.А., Рогов И.А. Методы исследования мяса и мясных продуктов.- Москва: Колос, 2004. – 376 с.
4. Позняковский В.М. Экспертиза мяса и мясопродуктов, качество и безопасность. – Новосибирск: Вера, 2005. – 528 с.
5. Кальнищкая О.И. Ветеринарно-санитарные требования к качеству продуктов убоя животных // Практик. – 2003. - № 6.
6. Смагулов А.К., Елешов Е.Р., Гаврилова Н.Б., Калиев А.Х. и др. Качество и безопасность сельскохозяйственной пищевой продукции.-Алматы: КазНАУ, 2002. – 382 с.

Султанұлы Ж., Жумагелдиев А.А., Сарсембаева Н.Б., Хизат С., Токтарова Г.К.

ВЕТЕРИНАРНО-САНИТАРНАЯ ЭКСПЕРТИЗА И КАЧЕСТВЕННЫЕ ПОКАЗАТЕЛИ ВНУТРЕННИХ ОРГАНОВ И МЯСА ПТИЦЫ ПРИ ИСПОЛЬЗОВАНИИ ЛЕВОМИЦЕТИНА

Резюме В статье приведены результаты ветеринарно-санитарной экспертизы и качественные показатели внутренних органов и мяса птицы при использовании левомецетина. Установили, что левомецетин в мясе птицы (грудинка, печень, желудок, фарш) часто встречается.

Ключевые слова: левомецетин, птиц, ветеринарно-санитарная экспертиза, показатели.

Sultanuly Zh., Zhumageldiev A.A., Sarsembayeva N.B., Hizat S., Toktarova G.K.

VETERINARY AND SANITARY EXAMINATION AND QUALITATIVE INDICATORS OF INTERNAL ORGANS AND POULTRY WITH THE USE OF CHLORMPHANICOL

Summary In the article the veterinary and sanitary examination and qualitative indicators of internal organs and poultry with the use of chlormphanicol. And opredelilevomisitine in poultry meat (bacon, liver, zhlyudke, minced meat, tissues) is common.

Key words: levomisetine, will tear, veterinary science sanitation, consultant's investigation, indexes.